"Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 273 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қарашадағы N 1842 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** "Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 273 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 273 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 273 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., N 1, 5-құжат; 2008 ж., N 2, 22-құжат; 2009 ж., N 35, 330-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Әкімшілік реформа жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тәжин Марат Мұханбетқазыұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы

Нұрпейісов Қайрат Айтмұхамбетұлы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

көрсетілген құрамнан А.А. Орсариев шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК